

Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің отырысы

ХАТТАМА №1

09.10.2023ж

Қатысқандар:6

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығы негізінде Қамқоршылық кеңестің ережесімен таныстыру, кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту.
2. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды

Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің хатшысы Ж.Арынова кеңес мүшелерін Түркістан облысы білім басқармасының қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту туралы бұйрығымен және күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Колледж директорының өндірістік оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Балғабеков кеңес мүшелерін Қамқоршылық кеңестің ережесімен, кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібімен таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау мәселесі бойынша дауысқа салынды. Қ.Балғабеков колледждің тыныс тіршілігінен хабардар, ардагер ұстазы Ж.Шағырбаеваны ұсынды.

Сейтжанов Шериаздан Абдынасырұлы да Ж.Шағырбаеваны ұсынды. Кеңес мүшелері дауыс берді, 5 адам қолдап дауыс берді, қарсылар мен қалыстар жоқ. Бірауыздан Ж.Шағырбаева Қамқоршылық кеңестің төрайымы болып сайланды.

Қ.Балғабеков заман талабына сай жаңа мамандықтар ашу мақсатында Мақтаарал аграрлық колледжінің атауын «Мақтаарал аграрлық-көпсалалы колледжі» деп өзгерту туралы Түркістан облысы білім басқармасына ұсыныс жолданғанын хабарлады. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне осы ұсыныс бойынша өз пікірлерін білдіруді сұрады. Кеңес төрайымы Ж.Шағырбаева колледж атауын өзгерту туралы ұсынысты қабылдайтынын, аудан жастарын жаңа мамандықтармен қамтамасыз ету – заман талабы екенін айтты. Кеңес мүшелері бірауыздан ұсынысты қолдап қуаттады.

Кеңес мүшелері 2023-2024 оқу жылына жоспарын талқылап, бекітуге ұсынды.

Қаулы:

1. Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып Шағырбаева Жанаркүл Музаппарқызы сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңестің 2023-24 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Мақтаарал аграрлық колледжінің атауын «Мақтаарал аграрлық-көпсалалы колледжі» деп өзгерту туралы Түркістан облысы білім басқармасына ұсыныс жолдансын.

Кенес төрайымы:
Хатшы:

Ж.М.Шағырбаева
Ж.С.Арынова

Ж.М.Шағырбаева
Ж.С.Арынова

Мүшелері:

1. Гулиев Теймур Уручкалиевич
2. Сеилов Төрехан Сәрсенбайұлы
3. Сейтжанов Шерияздан Абдынасырұлы
4. Бүркітбай Бақытжан Қалмырзаұлы
5. Қожаев Нұрлан Абдакимұлы

Теймур Гулиев
Төрехан Сеилов
Шерияздан Сейтжанов
Бақытжан Бүркітбай
Нұрлан Қожаев